



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 6 қараша

Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Олег Смоляков ХВҚ баяндамасын таныстыруға қатысты

Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Олег Смоляков Халықаралық валюта қорының Алматы қаласында бүгін өткен «Өңірлік экономиканың даму перспективалары: Кавказ және Орталық Азия» кезекті баяндамасын таныстыруға қатысты.

Өз сөзінде ол қаржы реттеушісі жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты, Қазақстанның валюта нарығындағы жағдай және өңірлік экономиканы дамыту перспективалары туралы айтып берді.

О. Смоляков Қазақстан ХВҚ мүшесі бола тұра, Халықаралық валюта қорының монетарлық және бюджеттік саясатты жүргізудегі ұсынымдары мен озық тәжірибесін назарға алады деп атады.

Ол реттеушінің күш-жігері өзінің негізгі мақсаты – елдегі бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталғанына, бұл инфляцияны төмен деңгейде белгілеуді және оның құбылмалылығын төмендетуді көздейтініне назар аударды. «Еркін өзгермелі айырбастау бағамының режимі – сыртқы күйзелістерді реттеуге көмектесетін инфляциялық таргеттеудің ажырамас бөлігі», – деді О. Смоляков.

Оның айтуы бойынша, орта мерзімді кезеңде Ұлттық Банк инфляцияны 2020 жылға таман 4%-ға дейін одан әрі төмендетуді жоспарлап отыр. «Жылдық инфляция жыл бойы нысаналы шекте бола отырып, 2016 жылғы желтоқсандағы 8,5%-дан 2017 жылғы желтоқсанда 7,1%-ға дейін төмендеді. Инфляция 2018 жылы қыркүйектегі 6,1% белгісіне дейін төмендеуін жалғастырды, бұл ағымдағы жылғы 5-7% дәлізіне сәйкес келеді. 2019 жылы инфляциялық дәліз 4-6% шегінде белгіленді», - деп атап өтті ол.

О. Смоляков қазіргі сәтте базалық мөлшерлеме +/-1% пайыздық дәлізбен 9,25% деңгейінде тұрғанын еске салды. «Біз пайыздық мөлшерлемені өтімділікті басқару және ақша нарығындағы мөлшерлемені базалық мөлшерлеме деңгейінде сақтауға сүйене отырып айқындаймыз. Сонымен қатар, базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер макроэкономикалық көрсеткіштердің талдамасына сәйкес, инфляциялық дәлізбен күтілетін инфляцияның көрсеткіштеріне, экономикалық ахуалға, сондай-ақ жергілікті және шетелдік нарықтардағы үрдістерге сәйкес қабылданады. Келешекте ақша-кредит саясаты нарықтағы ойыншылардың болашақтағы пайыздық мөлшерлемелерге қатысты оңтайлы күтулерін қалыптастыратын болады», - деп хабарлады Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілі.

О. Смоляков «Қазақстан Ұлттық Банкі бірізділік, ашықтық және алдын ала болжау қағидаттарын ұстанады, өйткені кез келген орталық банктің іс-қимылы реттеуші жүргізетін саясатқа сенім деңгейі жоғары болған жағдайда ғана тиімді» екенін атап өтті.

Ұлттық Банк басшысының орынбасары реттеу және қадағалау мандатын заңдық тұрғыдан күшейту туралы айтып берді. «Қазақстан Ұлттық Банкі қаржы ұйымдарын қаржы институтының жағдайы туралы қадағалап пайымдауды қолдану, сондай-ақ активті және

пассивті операцияларды шектеуді қоса алғанда барабар алдын алу шараларын қолдану мүмкіндігімен тәуекелге бағдарланған қағидаттарға көшті», - деп ақпарат берді.

О. Смоляков сөзін қорытындылай келе ХВҚ-ның Орталық Азия және Кавказ елдерінде экономикалық, фискалдық және монетарлық реформалар жүргізу үшін қажетті стратегияның дамуына және оны іске асыруға айтарлықтай қолдау көрсеткенін және баға жетпес үлес қосқанын атап өтті. «Бұл іс-шара біздің өңірдің экономикалық дамуының негізгі мәселелері бойынша пікір алмасу үшін тиімді алаң болады деп үміттенемін», - деді ол.

ХВҚ-ның «Өңірлік экономиканың перспективалары» шолуының мәтінімен ХВҚ-ның www.imf.org. ресми сайтында танысуға болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz